



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 6002-20-7-8/40

13.03.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясында
қашықтықтан оқыту нысаны бойынша
оқытуды ұйымдастыру және өткізуге
арналған (коронавирустық инфекцияның
таралуына жол бермеу жөніндегі
алдын алу шараларын енгізу
кезеңінде жүзеге асатын) басшылықты
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекцияның әкелінуі мен таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысының негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының білім алушыларының, оқытушыларының және өзге де қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқытуды ұйымдастыру және өткізуге арналған (коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі алдын алу шараларын енгізу кезеңінде жүзеге асатын) басшылық осы бұйрықтың Қосымшасына сәйкес бекітілсін.



2. Магистранттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқытуды ұйымдастыру және өткізуге арналған (коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі алдын алу шараларын енгізу кезеңінде жүзеге асатын) басшылықпен 2020 жылдың 14 наурызына дейін таныстырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры К.К. Садыковаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негіздеме: Академия Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 11 кезектен тыс отырысының хаттамасынан үзінді.

Ректор

З. Баймолдина

